


Көмектесу үшін әрдайым осындамын

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:
www.philips.com/support



FXD18



Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

1 Маңызды ақпарат	2	6 Радио тыңдау	22
Қауіпсіздік	2	Радио станцияға реттеу	22
Ескерту	3	Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау	22
		Радио станцияларды қолмен бағдарламалау	22
2 DVD Mini Hi-Fi жүйеңіз	6	Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау	22
Кіріспе	6		
Қораптың құрамы	6	7 USB құрылғысына жазу	23
Негізгі құрылғыны шолу	7		
Қашықтан басқару құралына шолу	8	8 Параметрлерді реттеу	24
		Жалпы реттеу	24
3 Қосу	10	Бейнені реттеу	24
Құрылғыны орналастыру	10	Дыбысты реттеу	26
Динамиктерді қосу	10	Артықшылықтар	26
Бейне кабельдерді жалғау	10		
Қосымша жалғаулар	11	9 Өнім туралы ақпарат	28
Қуатты қосу	13	Ерекшеліктер	28
		Қолданылатын дискі пішімдері	29
4 Жұмысты бастау	14	USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер	29
Қашықтан басқару құралын дайындау	14		
Қосу	14	10 Ақаулықтарды жою	30
Радио станцияларын автоматты орнату	15		
Дұрыс көру арнасын іздеу	15		
Дұрыс ТД жүйесін таңдау	15		
Жүйелік мәзірдің тілін өзгерту	15		
5 Ойнату	16		
Bluetooth қолдайтын құрылғыдан ойнату	16		
Диск ойнату	17		
USB немесе жазылған дискілерден ойнату	18		
Фондық музыкасы бар слайд көрсетілімін ойнату	18		
Ойнатуды басқару	19		
Караоке пайдалану	19		
Дыбыс деңгейін және дыбыс әсерін реттеу	20		

1 Маңызды ақпарат

Қауіпсіздік

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз

Мына қауіпсіздік таңбаларын біліңіз



Бұл «найзағай белгісі» құрылғыдағы ток соғуы мүмкін оқшауланбаған материалды көрсетеді. Үйдегі барлық адамның қауіпсіздігі үшін өнім корпусын алып тастамаңыз.

«Леп белгісі» жұмыс және техникалық қызмет көрсету проблемаларын болдырмау үшін берілген ақпарат оқылуы тиіс мүмкіндіктерге назар аударуға шақырады.

ЕСКЕРТУ: от немесе ток соғу қауіптерін азайту үшін осы құрылғы жаңбыр немесе ылғал жерде ашық қалмауы және вазалар сияқты сұйықтықтармен толтырылған заттар оның үстіне қойылмауы тиіс.

АБАЙЛАҢЫЗ: ток соғуды болдырмау үшін штепсельдік ұш пен саңылауды жалпақ жақтарымен келтіріп, толығымен кіргізіңіз.

Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

- 1 Осы нұсқауларды оқыңыз.
- 2 Осы нұсқауларды сақтап қойыңыз.
- 3 Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- 4 Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- 5 Бұл құрылғыны судың жанында қолданбаңыз.

- 6 Тек құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
- 7 Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- 8 Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- 9 Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- 10 Тек өндіруші көрсеткен қосымша/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- 11 Тек өндіруші көрсеткен немесе құрылғымен бірге сатылатын арбашамен, тірекпен, ұштағанмен, кронштейнмен немесе үстелмен бірге пайдаланыңыз. Арбаша пайдаланылғанда, арбаша/құрылғы екеуін жылжитқанда аударылып кетіп жарақат алмау үшін сақ болыңыз.



- 12 Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- 13 Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғының қуат сымы немесе штепсельдік ұшы зақымдалған болса, оған су тиіп немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, аппаратқа жаңбыр немесе ылғал заттар тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған және тағы да басқаша зақымдалған болса, қызмет көрсетуді қажет етеді.

14) Батареяны пайдалану туралы ЕСКЕРТУ
- Батарея ағып, нәтижесінде дене жарақатының, мүліктің бүлінуінің немесе құрылғының бүлінуін болдырмау үшін:

- Барлық батареяларды + және - полюстерін құрылғыда белгіленгендей дұрыстап алыңыз.
- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртекті және сілтілі, т.б.).
- Құрылғы ұзақ уақыт пайдаланылмаған кезде батареяларды шығарып алыңыз.

15) Құрылғыға сұйықтық тамшыламауы немесе шашырамауы тиіс.

16) Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған шырақтар) қоймаңыз.

17) Желі істікшесі немесе құралды жалғаушы ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.

Қатты қызып кету қаупі бар! Бұл құралды тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілуі үшін, құралдың айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыңыз. Құралдағы желдеткіш тесіктердің перделер немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты түздіруі мүмкін.



Абайлаңыз

- Бұл құрылғының корпусын шешуші болмаңыз.
- Бұл құрылғының ешбір бөлігін майлаушы болмаңыз.
- Осы құрылғыны тегіс, қатты және орнықты жерге орналастырыңыз.
- Бұл құрылғыны басқа электр жабдықтың үстіне қоюшы болмаңыз.
- Бұл құрылғыны тек іште пайдаланыңыз. Бұл құрылғыны судан, ылғалдан және суға толы заттардан алыс ұстаңыз.
- Бұл құрылғыны күн сәулесі тікелей түсетін жерлерден, ашық жалыннан немесе қызудан алыс ұстаңыз.
- Құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.

Ескерту

CE0560

Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны www.philips.com/support сайтынан табуыңызға болады.

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. WOOX кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісінше реттеу міндетінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.

Ескірген бұйымдарды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU еуропалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EC еуропалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Электр және электрондық бұйымдар мен батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесінің ережелерімен танысыңыз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бұйымдар мен батареяларды қалыпты тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Ескі бұйымдар мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

Лақтыруға болатын батареяларды тастау

Тасталатын батареяларды шығарып алу үшін батареяны орнату тарауын қараңыз.

Батареяларды пайдалану туралы ақпарат:



Ескерту

- Ағу қаупі: батареялардың тек көрсетілген түрін пайдаланыңыз. Жаңа және пайдаланылған батареяларды араластырмаңыз. Батареялардың әртүрлі брендтерін араластырмаңыз. Полюстерін дұрыс қаратыңыз. Ұзақ уақыт пайдаланылмаған өнімдерден батареяларды алып тастаңыз. Батареяларды құрғақ орында сақтаңыз.
- Жарақат алу қаупі: аққан батареяларды шығару кезінде қолғап киіңіз. Батареяларды балалар мен үй жануарларына қол жетімсіз жерде сақтаңыз.
- Жарылу қаупі: батареяларды қысқартпаңыз. Батареялардың қатты қызып кетуін болдырмаңыз. Батареяларды өртке тастамаңыз. Батареяларды зақымдамаңыз немесе бөлшектеменіз. Қайта зарядталмайтын батареяларды зарядтамаңыз;

Айналаны қорғау мәселелер ақпараты

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға ғұнай

ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

Авторлық құқық ескертпесі



Be responsible
Respect copyrights

Бұл өнім авторлық құқықтарды қорғау технологиясын қамтиды, бұл технология АҚШ-тағы Rovi Corporation корпорациясының патенттер және басқа да зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Қайта құрастыруға және бөлшектеуге тыйым салынған.

Өнімде көрсетілген тауар белгісі



Dolby зертханаларынан алынған лицензия бойынша жасалған. «Dolby» және қос «D» таңбасы Dolby Laboratories сауда белгілері болып табылады.



DivX®, DivX Ultra®, DivX Certified® осыған қатысты белгілер — Rovi корпорациясының немесе оның филиалдарының сауда белгілері және лицензия бойынша пайдаланылады. Кеңейтілген мүмкіндіктері және жоғары сапалы мазмұн бар DivX® бейнелерін ойнатуға DivX Ultra® куәландырылған. DIVX VIDEO ТУРАЛЫ: DivX® дегеніміз Rovi корпорациясының филиалы DivX ЖШС жасаған сандық бейне форматы болып

табылады. Бұл DivX бейнесін ойнататын ресми DivX Certified® құрылғысы. Файлдарды DivX бейнелеріне түрлендіру үшін divx.com сайтына кіріңіз.

DIVX VIDEO-ON-DEMAND ТУРАЛЫ: DivX Certified® құрылғысы сатып алынған DivX Video-on-Demand (VOD) фильмдерін ойнату үшін тіркелуі керек. Тіркеу кодын алу үшін құрылғының орнату мәзірінде DivX VOD бөлімінің орнын анықтаңыз. Тіркеуді аяқтау туралы толық ақпарат үшін vod.divx.com сайтына өтіңіз.



'DVD Video' DVD Format/Logo Licensing корпорациясының сауда белгісі болып табылады.



The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing LLC in the United States and other countries.



Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.

Басқа сауда белгілері және сауда атаулары сәйкес иелерінің меншігі болып табылады.



N белгісі — NFC Forum, Inc. корпорациясының Америка Құрама

Штаттары мен басқа елдердегі сауда белгісі немесе тіркелген сауда белгісі.

Бұл құрылғыда мына белгі бар:



Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының артқы жағында орналасқан.

2 DVD Mini Hi-Fi жүйеңіз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді www.philips.com/welcome торабында тіркеніз.

Кіріспе

Осы құрылғымен мына әрекеттерді орындауға болады:

- DVD/VCD/SVCD ішіндегі немесе USB жад құрылғыларындағы бейнені көру
- Дискілерден, USB жад құрылғыларынан, Bluetooth қолдайтын құрылғылардан немесе басқа сыртқы құрылғылардан дыбыс тыңдау
- Дискілердегі немесе USB жад құрылғыларындағы суреттерді көру
- FM радиосын тыңдау

Дыбыс шығысын мына дыбыстық әсерлермен байытуға болады:

- Жедел қуатты күшейтуге арналған ең жоғары дыбыс
- Бассты күшейту
- EQ (эквалайзер) параметрлері

Бұл құрылғы мына құрал/диск пішімдерін қолдайды:




Төмендегі аймақтық кодымен белгіленген DVD дискілерін ойнатуға болады:
Төмендегі аймақтық кодымен белгіленген DVD дискілерін ойнатуға болады:

DVD аймақтық коды	Елдер
	Ресей


Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- 2 x динамик
- Қашықтан басқару құралы (батареямен)
- Ток сымы
- FM антеннасы
- Басып шығарылған материалдар




- ① **Power**
 - Құрылғыны қосу.
 - Қалыпты күту режиміне немесе қуат үнемдеу режиміне ауыстыру.
- ② **SOURCE**
 - Дыбыс көзін таңдау: DISC, USB, FM, AUDIO IN немесе BT.
- ③ **MODE**
 - Қайталау немесе еркін ойнату режимін таңдаңыз.
 - Дискіні немесе USB сақтау құрылғысын ойнатып жатқанда қосымша ойнату опцияларын ашу.
- ④ **MAX SOUND**
 - Дыбыс үшін жедел қуатты күшейтуді қосу немесе өшіру.
- ⑤ **BASS BOOST**
 - Динамикалық бассты күшейту деңгейін таңдау.
- ⑥ **Дыбыс деңгейі тұтқасы**
 - Динамиктің дыбыс деңгейін реттеу.
- ⑦ **EQUALIZER**
 - Алдын ала орнатылған дыбыс эквалайзері параметрін таңдау.
- ⑧ **USB REC**
 - USB жазу экранына өтіңіз.
- ⑨ **Диск бөлімінің қақпағы**



- ⑩ **MIC**
 - Микрофонды қосу.
- ⑪ **AUDIO IN**
 - 3,5 мм дыбыстық кабель (жинақта жоқ) арқылы сыртқы дыбыстық құрылғыны жалғаңыз.
- ⑫ **USB**
 - USB жад құрылғысын қосу.
- ⑬ **EJECT**
 - Диск бөлімін ашу немесе жабу.
- ⑭ **Navigation**
 - Алдыңғы/келесі жолға, тақырыпқа немесе тарауға өту.
 - Радиостансаны реттеу.
- ⑮ **NFC аймағы**
 - Bluetooth қосылымын автоматты түрде орнату үшін NFC үйлесімді құрылғымен түртіңіз.
- ⑯ **Дисплейлі панель**
 - Ағымдағы күйін көрсетіңіз.
- ⑰ **Stop**
 - Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.
- ⑱ **PRESET +/-**
 - Алдын ала орнатылған радио станцияны таңдау.

- 19 ►||
- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
- 20 ANTENNA (FM)
- Берілген FM антеннасына қосыңыз.
- 21 VIDEO OUT
- Теледидардағы күрделі бейне кіріс ұясына жалғау.
- 22 HDMI
- Теледидардағы HDMI кіріс ұясына жалғау.
- 23 Динамикті қосу ұялары
- Берілген динамиктерді қосыңыз.
- 24 AC қуат сымы

Қашықтан басқару құралына шолу




- 1 ⏻
- Құрылғыны қосу.
 - Қалыпты күту режиміне немесе қуат үнемдеу режиміне ауыстыру.
- 2 AUDIO SYNC
- Тілді немесе арнаны таңдау.
 - Дыбысты кідірту параметрін ашу үшін басып тұрыңыз да, бейнемен сәйкестендіру мақсатында дыбысты кідірту үшін шарлау түймелерін (сол жақ/оң жақ) басыңыз.
- 3 USB
- USB көзіне ауысу.
- 4 🏠
- DISC/USB режимінде басты мәзірді ашыңыз немесе одан шығыңыз.
- 5 USB REC ●
- USB жазу экранына өтіңіз.
- 6 ▲ / ▼
- Мәзірде жоғары/төмен өту.
 - Сурет бұру.
 - Бейнені ойнату кезінде баяу артқа/алға режимін таңдаңыз.
 - Радио режимінде алдын ала орнатылған радио станциясын таңдау.
- 7 ◀ / ▶ (◀◀ / ▶▶)
- Жолда немесе дискіде іздеу.
 - Мәзірде солға/оңға өту.
 - Радиостансаны реттеу.
- 8 ≡ OPTIONS (MODE)
- Дискіні немесе USB сақтау құрылғысын ойнатып жатқанда қосымша ойнату опцияларын ашу.
 - Қайталау немесе еркін ойнату режимін таңдаңыз.
- 9 🔊 / 🔊
- Динамиктің дыбыс деңгейін реттеу.
- 10 ■
- Ойнатуды тоқтату немесе бағдарламаны өшіру.

- ⑪ **◀ / ▶**
- Алдыңғы/келесі жолға, тақырыпқа немесе тарауға өту.
- ⑫ **Сандық пернетақта**
- Тақырып/тарау/трек таңдау.
 - 0 LIGHT** (осы үлгі үшін қолжетімді емес): негізгі блоктың сәнді жарық әсерін қосу/өшіру.
- ⑬ **EQ**
- Алдын ала орнатылған дыбыс эквалайзері параметрін таңдау.
- ⑭ **MAX SOUND**
- Дыбыс үшін жедел қуатты күшейтуді қосу немесе өшіру.
- ⑮ **▶ ||**
- Ойнатуды бастау немесе уақытша тоқтату.
- ⑯ **🔊**
- Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.
- ⑰ **↶ BACK (ID3/INFO)**
- Алдыңғы мәзірге оралу.
 - Дискілер үшін ойнату параметрлеріне қол жеткізу немесе ағымдағы диск күйін көрсету.
 - Слайд көрсетілімі үшін фотосуреттердің нобайларын көрсету.
 - MP3 дискілері үшін қолжетімді болса, ID3 ақпаратын көрсету.
- ⑱ **OK**
- Әрекетті немесе таңдауды растау.
- ⑲ **DISC**
- Диск көзін таңдаңыз.
- ⑳ **FM/AUDIO IN**
- FM және AUDIO IN көздерінің арасында ауысу.
- ㉑ **📶**
- Bluetooth ресурсын таңдаңыз.

3 Қосу

Құрылғыны орналастыру



- 1 Құрылғыны ТД жанына орналастырыңыз.
- 2 Сол және оң динамиктерді ТД-дан бірдей қашықтықта және тыңдау орнынан шамамен 45 градус бұрышпен орналастырыңыз.


Ескертпе

- Магниттік кедергілерді немесе қажетсіз шуды болдырмау үшін ешқашан негізгі құрылғыны және динамиктерді қандай да толқындар шығаратын құрылғылардың жанына тым жақын қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны үстелдің үстіне қойыңыз.
- Бұл құрылғыны ешқашан жабық шкаф ішіне қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны АТ ашасына оңай жетуге болатын АТ розеткасының жанына қойыңыз.

Динамиктерді қосу

Ескертпе

- Оңтайлы дыбыс үшін тек берілген динамиктерді пайдаланыңыз.
- Номиналдық қарсылығы берілген динамиктермен бірдей немесе одан жоғары динамиктерді ғана қосыңыз. Осы нұсқаулықтың «Техникалық сипаттамалар» бөлімін қараңыз.




Ескертпе

- Динамик сымдары мен терминалдарының түстері сәйкес келетінін тексеріңіз.

Сымды толығымен енгізіңіз.

- Оң динамиктер сымын «R» жағына, ал сол динамиктер сымын «L» жағына салыңыз.




Бейне кабельдерді жалғау

ТД қолдай алатын ең жақсы бейне қосылымын таңдаңыз.

- **1-опция:** HDMI ұясына жалғау (HDMI, DVI немесе HDCP үйлесімді ТД үшін).
- **2-опция:** композиттік бейне ұясына жалғау (стандартты ТД үшін).

1-опция: HDMI ұясына жалғау



- 1 HDMI кабелін (жинақта берілмеген) мыналарға жалғаңыз:


- құрылғыдағы **HDMI** ұясына.
- теледидардағы HDMI кіріс ұясы.



Кеңес

- Теледидарда DVI коннекторы ғана болса, HDMI/DVI адаптері арқылы жалғаңыз. Дыбыс кабелін дыбыс шығысына жалғаңыз.
- Осы өнім 1080p немесе 1080p/24Гц үйлесімді теледидарға жалғанса, онтайлы бейне және дыбыс шығысы үшін High Speed HDMI (жоғары жылдамдықты HDMI) кабелі ретінде де белгілі HDMI 2-санатты кабелін ұсынамыз.
- DVD бейнесінің сандық бейне кескіндерін HDMI қосылымы арқылы ойнату үшін осы өнім де, дисплей құрылғысы да (немесе AV қабылдағышы/зорайтқышы) HDCP (өткізу мүмкіндігі жоғары сандық мазмұнды қорғау жүйесі) деп аталатын авторлық құқықтарды қорғау жүйесін қолдауы керек.
- Осы қосылым түрі ең жақсы сурет сапасын береді.

2-опция: композиттік бейне ұясына жалғау



- Композиттік бейне кабелін (жинақта жоқ) мынаған жалғаңыз:
 - құрылғыдағы **VIDEO OUT** ұясына.
 - теледидардағы VIDEO кіріс ұясы.




Кеңес

- Теледидардағы бейне кіріс ұясы A/V IN, VIDEO IN, COMPOSITE немесе BASEBAND деп белгіленуі мүмкін.

Қосымша жалғаулар

USB флеш жадын жалғау



- USB жад құрылғысын алдыңғы панельдегі  ұясына жалғаңыз.



Ескертпе

- Бұл құрылғы тек USB жад құрылғысында сақталған MP3, DivX (Ultra) немесе JPEG файлдарын ойнатуды қолдайды.
- Мазмұнға қол жеткізу және файлдарды ойнату үшін **USB** түймесін басыңыз.

FM антеннасын жалғау




Кеңес


- Оңтайлы қабылдау үшін антеннаны толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.
- Жақсырақ FM стерео қабылдау үшін сыртқы FM антеннасын **FM ANTENNA** ұясына жалғаңыз.
- Құрылғы MW радио қабылдауды қолдамайды.

- Жинақтағы FM сымды антеннасын құрылғы артындағы **FM ANTENNA** ұясына жалғаңыз.

FM



Басқа құрылғылардағы дыбысты бағыттау




- 3,5 мм аудио кабельді (жинақта берілмеген) төмендегілерге жалғаңыз:
 - құрылғының алдыңғы жағындағы 3,5 мм дыбыс кірісінің ұясы.
 - MP3 ойнатқышындағы құлақаспап ұясына.



Кеңес

- **AUDIO IN** көзін **FM/AUDIO IN** түймесін қайталап басып таңдаңыз, содан кейін MP3 ойнатқышында ойнатуды бастаңыз (ойнатқыштың пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

Қуатты қосу



Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Қуат көзінің кернеуі құрылғының артқы жағында немесе астында көрсетілген кернеуге сәйкес екенін тексеріңіз.
- АТ қуат сымын жалғау алдында барлық басқа жалғаулардың аяқталғанын тексеріңіз.
- Осы құрылғыдағы ұяға АТ қуат сымын жалғаңыз.

4 Жұмысты бастау



Ескерту

- Осы жердегіден басқа басқару элементтерін, реттеулерді пайдалану немесе техникалық қызмет көрсету процедураларын орындау зиянды радиацияның шығуын немесе қауіпсіз жұмысты тудыруы мүмкін.

Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.


<brand> компаниясына хабарлассаңыз, сізден осы құрылғының моделі мен сериялық нөмірі сұрайды. Модель нөмірі және сериялық нөмір — құрылғының артқы жағында. Осы жерге нөмірлерді жазыңыз:

Үлгі нөмірі _____

Сериялық нөмір _____

Қашықтан басқару құралын дайындау

- 1 Сырғытып ашу үшін батарея салғышты басып итеріңіз (суреттегі «1» бөлігін қараңыз).
- 2 AAA батареясын көрсетілгендей дұрыс қаратып (+/-) салыңыз.
- 3 Батарея салғышты итеріп, артқа сырғытыңыз (суреттегі «3» бөлігін қараңыз).



Ескертпе

- Батареяны күн сәулесі, от немесе сол сияқты шамадан тыс қызудың әсеріне ұшыратуға болмайды.
- Қашықтан басқару құралын ұзақ уақыт пайдаланбайтын болсаңыз, батареясын шығарып алыңыз.
- Батареяларда химиялық заттар болуы мүмкін, сондықтан оларды қоқысқа дұрыс тастау керек.

Қосу

- ⏻ түймесін басыңыз.
 - ↳ Құрылғы соңғы таңдалған көзге ауысады.

Күту режиміне ауысу

- Құрылғыны күту режиміне ауыстыру үшін ⏻ түймесін басыңыз.
 - ↳ Дисплей панеліндегі артқы жарық өшеді.

Қуат үнемдеу режиміне ауыстыру үшін:

- ⏻ түймесін екі секундтан аса басып тұрыңыз.
 - ↳ Дисплей панелі күңгірттеледі.
 - ↳ Дисплей панелінің сол жағындағы қуат үнемдеу режимінің индикаторы қызыл болып жанады.



Ескертпе

- Құрылғы күту режимінде 10 минуттан кейін қуат үнемдеу режиміне ауысады.

Қалыпты күту режимі мен қуат үнемдеу режимі арасында ауыстырып қосу үшін:

- ⏻ түймесін екі секундтан аса басып тұрыңыз.

Радио станцияларын автоматты орнату

Қуат көзіне жалғағанда, радио станциялар сақталмаған болса, құрылғы радио станцияларды автоматты түрде сақтауды бастайды.

- 1 Құрылғыны қуат көзіне қосыңыз.
↳ [AUTO FM INSTALL - PRESS PLAY-- STOP CANCEL] (автоматты түрде FM орнату - іске қосу үшін PLAY түймесін басыңыз - бас тарту үшін STOP түймесінің басыңыз) көрсетіледі.
- 2 Орнатуды бастау үшін ►► түймесін басыңыз.
↳ [AUTO] (авто) көрсетіледі.
↳ Құрылғы жеткілікті сигнал күші бар радиостансаларды автоматты түрде сақтайды.
↳ Барлық қол жетімді радио станциялар сақталғанда, бірінші алдын ала сақталған радио станция автоматты түрде таратылады.

Дұрыс көру арнасын іздеу

- 1 Құрылғыны қосу үшін ⏻ түймесін басыңыз.
- 2 Диск режиміне ауысу үшін DISC түймесін басыңыз.
- 3 ТД қосыңыз және дұрыс бейне кірісі арнасына келесі жолдардың біреуімен ауысыңыз:
 - ТД-дағы ең төмен арнаға өтіңіз, содан кейін көк экранды көргенше Channel Down (Бір арна төмен) түймесін басыңыз.
 - ТД-дың қашықтан басқару құралындағы көз түймесін қайталап басыңыз.



Кеңес

- Бейне кірісі арнасы ең төмен және ең жоғары арналар арасында болады және FRONT, A/V IN, VIDEO, т.б. деп аталуы мүмкін. ТД-да дұрыс кірісті таңдау жолы туралы мәліметтерді ТД пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.

Дұрыс ТД жүйесін таңдау

Бейне дұрыс көрсетілмесе, осы параметрді өзгертіңіз. Әдепкі мәні бойынша бұл параметр сіздің елдегі ТД-лар үшін ең жиі қолданылатын параметрге сәйкес болады.

- 1 ⬆ түймесін басыңыз.
- 2 Мына тармақты таңдаңыз: ⚙ [Setup] -> [Video] -> [TV System].
- 3 Параметрді таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.
 - [PAL] — PAL түс жүйесі бар ТД үшін.
 - [Multi] — PAL және NTSC екеуімен де үйлесімді ТД үшін.
 - [NTSC] — NTSC түс жүйесі бар ТД үшін.
- 4 Алдыңғы мәзірге оралу үшін ⬅ түймесін басыңыз.
- 5 Мәзірден шығу үшін ⬆ түймесін басыңыз.

Жүйелік мәзірдің тілін өзгерту

- 1 ⬆ түймесін басыңыз.
- 2 ⚙ [Setup] -> [General] -> [OSD Language] тармағын таңдап, OK түймесін басыңыз.
- 3 Параметрді таңдаңыз да, OK түймесін басыңыз.
- 4 Мәзірден шығу үшін ⬆ түймесін басыңыз.

5 Ойнату

Ескерту

- Құрылғы зақымдалуы мүмкін! Ойнату кезінде құрылғыны жылжытушы болмаңыз.

Bluetooth қолдайтын құрылғыдан ойнату

Ескертпе

- Құрылғы мен Bluetooth қолдайтын құрылғы арасындағы тиімді жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут) болады.
- Құрылғы мен Bluetooth қосылған құрылғы арасындағы қандай да бір кедергі жұмыс ауқымын азайтуы мүмкін.
- Барлық Bluetooth құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік берілмейді.
- Құрылғы алдыңғы қосылған 4 Bluetooth құрылғысына дейін есте сақтай алады.

Құрылғы арқылы музыканы сымсыз жолмен тыңдау үшін Bluetooth қосылған құрылғыны құрылғымен жұптастыру керек. Төменде тізілген алғышарттардың негізінде ең жақсы Bluetooth жұптастыру әдісін таңдаңыз.

Шарт	Жұптастыру әдісі
Bluetooth құрылғыңыз NFC (Near Field Communication) және A2DP (Advanced Audio Distribution Profile) функцияларының екеуін де қолдайды.	1-параметрді (ұсынылады) немесе 2-параметрді таңдаңыз.
Bluetooth құрылғыңыз A2DP (Advanced Audio Distribution Profile) функциясын қолдайды.	2-параметрді таңдаңыз.

- Жұптастыру және қосу алдында мына әрекеттерді орындау керек:

- Bluetooth көзін таңдау үшін 0 түймесін басыңыз.
↳ [BT] (Bluetooth) экранда жыпылықтайды.
- сыртқы құрылғыда Bluetooth мүмкіндігін қосыңыз.

Жұптастыру және қосу

1-параметр: NFC арқылы жұптастыру және қосу

Near Field Communication (NFC) — ұялы телефондар және IC тегтері сияқты әр түрлі NFC үйлесімді құрылғылар арасында қысқа ауқымды сымсыз байланысқа мүмкіндік беретін технология. NFC функциясының көмегімен жай NFC үйлесімді құрылғылардағы тиісті таңбаны немесе белгіленген орынды түрту арқылы деректер байланысына оңай қол жеткізуге болады.

Ескертпе

- Барлық NFC құрылғыларымен үйлесімділікке кепілдік берілмейді.

1



2




- Bluetooth қолдайтын құрылғыда NFC мүмкіндігін қосыңыз (мәліметтерді құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз).

- 2 Сыртқы құрылғының NFC аймағын NFC аймағы (A/B) жоғарыдағы құрылғымен сигналды естігенше түртіңіз.

↳ Сәтті жұптастырудан және қосудан соң, «BT CONNECTED» (BT қосылған) экранда бір рет айналады.

2-параметр: қолмен жұптастыру және қосу



- 1 Bluetooth қолдайтын құрылғыда жұптастыруға болатын Bluetooth құрылғыларын іздеңіз (құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).
- 2 Bluetooth қолдайтын құрылғыда «Philips FX18» құрылғысын таңдаңыз және қажетінше жұптау құпия сөзі ретінде «0000» мәнін енгізіңіз.
↳ Сәтті жұптастырудан және қосудан соң, «BT CONNECTED» (BT қосылған) экранда бір рет айналады.

Bluetooth арқылы музыканы ағынмен жіберу

- Құрылғыға қосылған Bluetooth құрылғысында дыбысты ойнатыңыз.
↳ Дыбыс ағыны Bluetooth қосылған құрылғыдан динамикке жіберіледі.

Bluetooth қолдайтын құрылғыны ажырату үшін:

- Қашықтан басқару құралындағы ►► түймесін үш секундтай басып тұрыңыз.

- Құрылғыда Bluetooth функциясын өшіріңіз немесе
- құрылғыны байланыс ауқымынан тыс жылжытыңыз.

Bluetooth жұптастыру журналын тазалау үшін:

- Қашықтан басқару құралындағы ■ түймелерінің екеуін де үш секундтай басып тұрыңыз.

Диск ойнату



Ескерту

- Құрылғыдағы лазер сәулесіне ешқашан қарамаңыз.
- Өнімді бұзып алу қаупі! Диск тұрақтандырғыш сақиналар немесе дискіні өңдеу парақтары сияқты қосалқы құралдардың көмегімен ешқашан дискілерді ойнатпаңыз.
- Диск бөліміне ешқашан дискілерден басқа ешбір заттарды салмаңыз.

- 1 Диск көзін таңдау үшін **DISC** түймесін басыңыз.
- 2 Алдыңғы панельде **EJECT** түймесін басыңыз.
↳ Диск науасы ашылады.
- 3 Науаға дискіні салыңыз, сосын диск науасын жабу үшін **EJECT** түймесін қайта басыңыз.
↳ Белгі жағы жоғары қарап тұрғанын тексеріңіз.
- 4 Егер ойнату автоматты түрде басталмаса, тақырыпты/тарауды/тректі таңдаңыз, содан кейін ойнатуды бастау үшін ►► түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды тоқтату үшін ■ түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды кідірту немесе жалғастыру үшін ►► түймесін басыңыз.
 - Алдыңғы/келесі тақырыпқа/тарауға/жолға өту үшін ◀/▶ түймесін басыңыз.



Кеңес

- Құлыпталған DVD дискісін ойнату үшін, 6 сандық ата-аналық бақылау құпия сөзін енгізіңіз.

Субтитрдің тілін таңдау

DVD немесе DivX (Ultra) бейнесі үшін дыбыс тілін таңдауға болады.

- 1 Дискіні ойнату кезінде **≡ OPTIONS (MODE)** түймесін басыңыз.
↳ Опциялар мәзірі көрсетіледі.
- 2 ▲ / ▼ түймесін қайталап басып, **[Subtitle]** опциясын таңдаңыз, содан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз.
↳ Тіл параметрлері көрсетіледі.
- 3 Субтитрлер тілін таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін қайталап басыңыз, содан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Кейбір DVD дискілері үшін тілді тек диск мәзірінен өзгертуге болады. **⬆** түймесін басыңыз, содан кейін мәзірді ашу үшін **⚙ [Setup]** перменін таңдаңыз.

USB немесе жазылған дискілерден ойнату

CD-R/RW, жазылатын DVD немесе USB жад құрылғысына көшірілген DivX (Ultra)/MP3/JPEG сурет файлдарын ойнатуға болады.

- 1 Көзді таңдаңыз.
 - USB жад құрылғысы үшін **USB** түймесін басыңыз.
 - Диск үшін **DISC** түймесін басыңыз.
- 2 USB жад құрылғысын қосыңыз немесе дискіні салыңыз.
- 3 Қалтаны таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз, содан кейін растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

- 4 Файлды таңдау үшін ▲ / ▼ түймесін басыңыз, содан кейін ойнатуды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды тоқтату үшін **■** түймесін басыңыз.
 - Ойнатуды кідірту/жалғастыру үшін **▶||** түймесін басыңыз.
 - Жоғарғы деңгейі каталогқа оралу үшін **↶ BACK** түймесін басыңыз.
 - Алдыңғы/келесі файлға өту үшін **◀|** / **▶|** түймесін басыңыз.



Ескертпе

- Тек осы құрылғының DivX тіркеу коды арқылы жалданған немесе сатып алынған DivX (Ultra) бейнелерін ойната аласыз.
- Келесі файл атауының кеңейтімдері (.srt, .smi, .sub, .ssa, .ass) бар субтитр файлдарына қолдау көрсетіледі, бірақ олар файлдарды шарлау мәзірінде көрсетілмейді.
- Субтитр файлының атауы бейне файлының атауымен бірдей болуы керек.

Фондық музыкасы бар слайд көрсетілімін ойнату

Бұл құрылғы бір уақытта MP3 файлдарын және JPEG фотосуреттерін ойната алады.



Ескертпе

- MP3 және JPEG файлдары бірдей дискіде немесе USB жад құрылғысында сақталған болуы керек.

- 1 MP3 файлын ойнату.
- 2 Фотосуреттер қалтасында фотосуретті таңдаңыз, содан кейін слайд көрсетілімін бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.
 - ↳ Слайд көрсетілімі басталады және фотосуреттер қалтасының соңына дейін жалғасады.
 - ↳ Дыбыс соңғы файлдың соңына дейін жалғасады.

- Мәзірге оралу үшін ➡ BACK түймесін басыңыз.
- Слайд көрсетілімін тоқтату үшін ■ түймесін басыңыз.

Ойнатуды басқару

Қайталау немесе еркін ойнату опцияларын таңдау

- MP3/CD ойнату кезінде ойнату опциясын таңдау үшін ≡ OPTIONS (MODE) түймесін қайталап басыңыз.
 - ➡ One (Бір): ағымдағы тректі/файлды қайталау.
 - ➡ Folder (Қалта): ағымдағы альбомдағы/қалтадағы барлық тректерді/файлдарды қайталау.
 - Folder (Қалта): ағымдағы альбомдағы/қалтадағы барлық тректерді/файлдарды қайталау.
 - Single (Бір): ағымдағы тректі/файлды бір рет ойнату.
 - ➡ Off (Өшірулі): қалыпты ойнатуды жалғастыру.
 - ➡ Shuffle (Еркін): барлық тректерді/файлдарды еркін ойнату.

Алға/артқа іздеу

- Бейнені/дыбысты ойнату кезінде іздеу жылдамдығын таңдау үшін ◀ / ▶ (◀◀ / ▶▶) түймесін қайталап басыңыз.
- Қалыпты жылдамдықта ойнатуды жалғастыру үшін ▶▶ түймесін басыңыз.

Бейнені ойнатуды соңғы тоқтатылған нүктеден жалғастыру



Ескертпе

- Бұл мүмкіндік тек DVD/VCD ойнату үшін қол жетімді.

- Ойнату режимінде және диск алынбаған болса, ▶▶ түймесін басыңыз.

Жалғастыру режимін болдырмау және ойнатуды толығымен тоқтату үшін:

- Тоқтату режимінде ■ түймесін басыңыз.

Ойнату ақпаратын көрсету

- MP3 файлын ойнату кезінде алдыңғы панельде ID3 ақпаратын (бар болса) көрсету үшін ➡ BACK (ID3/INFO) түймесін басып тұрыңыз.


Караоке пайдалану

Музыка көзімен ән айту үшін, микрофонды (жинаққа кірмейді) қосуға болады.



Ескертпе

- Микрофонды қосудан бұрын гүлді болдырмау үшін, микрофонның дыбыс деңгейін ең төменгі деңгейге орнатыңыз.



- 1 Караоке дискісін салыңыз.
- 2 Микрофонды алдыңғы панельдегі MIC ұясына жалғаңыз.
- 3  түймесін басып, [Karaoke] опциясын таңдаңыз.
- 4 Микрофонның дыбыс шығысын қосыңыз («Караоке параметрлерін реттеу» бөлімін қараңыз).
- 5 Караоке дискісін ойнатыңыз да, микрофон арқылы ән айтыңыз.

Караоке параметрлерін реттеу

- **[Microphone]:** микрофонның дыбыс шығысын қосу немесе өшіру.
- **[Mic Volume]:** микрофонның дыбыс деңгейін реттеу.
- **[Echo Level]:** жаңғырық деңгейін реттеу.
- **[Karaoke Scoring]:** караоке ұпай жинау функциясын өшіру немесе ұпай жинау деңгейін (бастапқы/орта/жоғары) таңдау. Егер деңгей таңдалса, ұпай әрбір ән аяқталған соң көрсетіледі.
- **[Karaoke Idol]:** түрлі әншілер арасында 4 өлеңге дейін ән айту жарысы және жарыс нәтижесі көрсетіледі.

1) **[Karaoke Scoring]** опциясында деңгейді (бастапқы, орта, жоғары) таңдау.

2) **[Karaoke Idol]** опциясында жарысты қосу.
 Әнді таңдау мәзірі көрсетіледі.

3) Жолды (VCD/SVCD) немесе атауды/бөлімді (DVD) бірінші ән ретінде енгізу. 4 әнге дейін таңдауға болады.

4) Одан кейін **[Continue]** пәрменін таңдап, таңдалған әндерді ойнатуды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.

 Барлық таңдалған әндер аяқталған соң жарыс нәтижесі көрсетіледі.

- **[Key Shift]:** даусыңызға сай келетін тембр деңгейін реттеу.
- **[Vocal]:** түрлі Караоке дыбыс режимдерін таңдау немесе бастапқы вокалды өшіру.

Дыбыс деңгейін және дыбыс әсерін реттеу



Ескертпе

- МАХ дыбысы мен бассты күшейту параметрлері бір уақытта іске қосылмайды.

Дыбыс деңгейін реттеу



Ескерту

- Есту қабілетіңізге байланысты және басқа адамдарды сыйлау мақсатында ұзақ уақыт бойы жоғары дыбыс деңгейінде тыңдауға кеңес берілмейді.

- Ойнату кезінде дыбыс деңгейін жоғарылату/төмендету үшін **VOL +/-** түймесін басыңыз.

Дыбысты өшіру

- Ойнату кезінде дыбысты өшіру/қосу үшін,  түймесін басыңыз.

Дыбыс қуатын күшейту

МАХ дыбыс мүмкіндігі дыбыс қуатын жедел күшейтеді.

- Жедел қуатты күшейтуді қосу немесе өшіру үшін **MAX SOUND** түймесін басыңыз.

Алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдау

Эквалайзер параметрінің мүмкіндігі арнайы алдын ала орнатылған дыбыс әсерлерін тыңдауға мүмкіндік береді.

- Ойнату кезінде келесіні таңдау үшін **EQ** түймесін қайталап басыңыз:
 - **[SAMBA]** (самба)
 - **[FORRO]** (форро)
 - **[FUNK]** (фанк)
 - **[SERTANEJO]** (сертанехо)
 - **[POP]** (поп)

Бассты жақсарту

Тыңдау ортаңызға жақсы сәйкес келетін (DBB) динамикалық бассты күшейту деңгейін қолмен таңдауға болады.

- Ойнату кезінде келесіні таңдау үшін

BASS BOOST түймесін қайталап

басыңыз:

- DBB 1
- DBB 2
- DBB 3
- DBB өшірулі

↳ Егер DBB іске қосылса, **DBB** көрсетіледі.

6 Радио тыңдау

Радио станцияға реттеу

- 1 FM радиосы көзін таңдау үшін **FM/AUDIO IN** түймесін қайта-қайта басыңыз.
- 2 **◀/▶ (◀◀/▶▶)** түймесін екі секундтан көп басып тұрыңыз.
 - ↳ [SEARCH] (іздеу) көрсетіледі.
 - ↳ Радио күшті қабылдау сигналы бар станцияға автоматты түрде реттеледі.
- 3 Көбірек станцияларды реттеу үшін 2-қадамды қайталаңыз.
 - Әлсіз стансаны реттеу үшін оңтайлы қабылдау сигналы табылғанша, **◀/▶ (◀◀/▶▶)** түймесін қайталап басыңыз.

Радио станцияларды автоматты түрде бағдарламалау

Ең көбі алдын ала орнатылған 20 FM радио станциясын бағдарламаға енгізуге болады.

- Тюнер режимінде автоматты бағдарламалау режимін іске қосу үшін **☰ OPTIONS (MODE)** түймесін екі секундтан артық басып тұрыңыз.
 - ↳ [AUTO] (авто) көрсетіледі.
 - ↳ Барлық қол жетімді станциялар толқын жиілігін қабылдау сигналының күшінің ретімен бағдарламаланады.
 - ↳ Бірінші бағдарламаланған радио станция автоматты түрде таратылады.

Радио станцияларды қолмен бағдарламалау

Ең көбі алдын ала орнатылған 20 FM радио станциясын бағдарламаға енгізуге болады.

- 1 Радиостансаны реттеу.
- 2 Бағдарлама режимін іске қосу үшін **☰ OPTIONS (MODE)** түймесін басыңыз.
- 3 Осы радио стансаға нөмір беру үшін **▲ / ▼** түймесін басып, растау үшін **☰ OPTIONS (MODE)** түймесін басыңыз.
- 4 Басқа станцияларды бағдарламалау үшін жоғарыдағы қадамдарды қайталаңыз.



Кеңес

- Бағдарламаланған станцияны қайта жазу үшін, оның орнына басқа станцияны сақтаңыз.

Алдан ала орнатылған радио станцияны таңдау

- Сақтаулы нөмірді таңдау үшін тюнер режимінде **▲ / ▼** түймесін басыңыз.



Кеңес



- Антеннаны теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе басқа радиация көзінен мүмкіндігінше алыс қойыңыз.
- Оңтайлы қабылдау үшін антенналарды толығымен ұзартыңыз және күйін реттеңіз.

7 USB құрылғысына жазу

Ескертпе

- DTS ықшам дискілерін және көшіруден қорғалған ықшам дискілерді түрлендіру мүмкін емес.
- Жазудан қорғалған немесе шифрланған USB жад құрылғысын MP3 файлдарын сақтау үшін пайдалану мүмкін емес.

Дыбыстық ықшам диск тректері .mp3 пішімінде жазылады.
USB құрылғысына алғаш жазған кезде қалта USB құрылғысында автоматты түрде жасалады. USB құрылғысына жазған сайын жазылған ішкі қалтаға сақталады. Файлдар мен ішкі қалталар жасалған ретімен сандық түрде аталады.



- 1 CDDA дискін диск науасына салыңыз және диск бөлімін жабыңыз (ақылдасу 'Диск ойнату' бет 17).
- 2 USB құрылғысын алдыңғы панельдегі ұясына салыңыз.
- 3 Басты бетке бөлектелген күйде кіру үшін **USB REC** түймесін басыңыз.
- 4 Жазу мәзіріне **OK** түймесін басып кіріңіз, сосын жалғастыру үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

8 Параметрлерді реттеу

- 1  түймесін басыңыз.
- 2 **[Setup]** бетін таңдаңыз.
- 3 Параметрді таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
 - Алдыңғы мәзірге оралу үшін  **BACK** түймесін басыңыз.
 - Мәзірден шығу үшін  түймесін басыңыз.

Жалпы реттеу

[General] бетінде келесі параметрлерді орнатуға болады:

[Disc Lock]

Белгілі бір дискілер үшін ойнатуды шектеуді орнатады. Бастау алдында дискіні бөліміне салыңыз (ең көбі 20 диск құлыптауға болады).

- **[Lock]** — ағымдағы дискіге қатынасуды шектеу. Іске қосқаннан кейін дискінің құлпын ашу және оны ойнату үшін құпия сөз қажет.
- **[Unlock]** — барлық дискілерді ойнатады.



Кеңес

- Құпия сөзді орнатуға немесе өзгертуге болады.

[Display Dim]

Осы құрылғыдағы дисплей панелінің жарықтық деңгейін өзгертіңіз.

- **[100%]** — қалыпты жарықтық.
- **[70%]** — орташа жарықтық.
- **[40%]** — өте күңгірт дисплей.

[OSD Language]

Экран мәзірінің әдепкі тілін таңдайды.

[Sleep Timer]

Уақытты қайта реттеген соң күту режиміне автоматты ауысады.

- **[15 mins]**, **[30 mins]**, **[45 mins]**, **[60 mins]** — құрылғының күту режиміне ауысуына дейінгі кері санау уақытын таңдайды.
- **[Off]** — ұйқы таймері режимін өшіреді.

[Auto Standby] (тек DISC және USB режимдері үшін қолжетімді)

Күту режиміне автоматты түрде ауыстыру режимін өшіру немесе қосу. Бұл қуатты үнемдеу мүмкіндігі.

- **[On]** — әрекетсіздіктің (мысалы, кідірту немесе тоқтату режимінде) 15 минутынан кейін күту режиміне ауыстырады.
- **[Off]** — автоматты күту режимін өшіру.

[DivX(R) VOD Code]

DivX® тіркеу кодын көрсетеді.



Кеңес

- Осы құрылғының DivX тіркеу кодын www.divx.com/vod бетінен бейнені жалдағанда немесе сатып алғанда енгізіңіз. DivX® VOD (Video On Demand) қызметі арқылы жалданған немесе сатып алынған DivX бейнелерін тек тіркелген құрылғыда ойнатуға болады.

Бейнені реттеу

[Video] бетінде келесі параметрлерді орнатуға болады:

[TV System]

Бейне дұрыс көрсетілмесе, осы параметрді өзгертеді. Әдепкі мәні бойынша бұл параметр сіздің елдегі ТД-лар үшін ең жиі қолданылатын параметрге сәйкес болады.

- **[PAL]** — PAL жүйелік ТД үшін.
- **[NTSC]** — NTSC жүйелік ТД үшін.
- **[Multi]** — PAL және NTSC екеуімен де үйлесімді ТД үшін.

[TV Display]

Келесі дисплей пішімдерінің біреуін таңдайды:



4:3 Pan Scan (PS)



4:3 Letter Box (LB)



16:9 (Wide Screen)

- **[4:3 Pan Scan]** – 4:3 экранды ТД үшін: шеттері кесілген толық биіктікпен көрсету.
- **[4:3 Letter Box]** – 4:3 экранды ТД үшін: экранның үстінде және астында қара жолақтармен кең экранды көрсету.
- **[4:3 Wide Screen]** – Кең экранды ТД үшін: дисплей қатынасы 16:9.

[Picture Setting] (JPEG дисплейі үшін)

Әр түрлі слайдшоуды ойнату режимдерін таңдайды: **[Wipe Top (Жоғарғы жақты өшіру)]**, **[Wipe Bottom (Төменгі жақты өшіру)]**, **[Wipe Left (Сол жақты өшіру)]**, **[Wipe Right (Оң жақты өшіру)]**, **[Left Top (Сол жоғарғы жақ)]**, **[Right Top (Оң жоғарғы жақ)]**, **[Left Bottom (Сол төменгі жақ)]** және **[Right Bottom (Оң төменгі жақ)]**.

[HD JPEG]

Құрылғыны және ТД HDMI кабелімен қосқанда өңделмеген және қысылмаған JPEG суреттерін бастапқы ажыратымдылығымен көріңіз.

- **[On]** – анықтығы жоғары суретті көрсетеді.
- **[Off]** – стандартты суретті көрсетеді.



Ескертпе

- Бұл құрылғы 720p және одан жоғары ажыратымдылық дисплейлерін қолдайды.

[HDMI Setup]

Құрылғыны және ТД HDMI кабелімен қосқанда, HDMI бейне параметрін таңдайды.

- **[Wide Screen Format]** – дискіні ойнату үшін кең экран пішімін анықтайды.

Тағам	Сипаттама
[Superwide]	Экранның орталық күйі бүйірден азырақ созылады. Тек 720p және одан жоғары бейне ажыратымдылық параметріне тиісті.
[4:3 Pillar Box]	Сурет созылмайды. Экранның екі жағынан қара жолақтар көрсетіледі.
[Off]	Сурет диск пішіміне сай көрсетіледі.

- **[HDMI Video]** – ТД дисплей мүмкіндігімен үйлесімді HDMI бейнесінің шығыс ажыратымдылығын таңдайды.

Тағам	Сипаттама
[Auto]	Ең жақсы қолдау көрсетілетін ажыратымдылықты автоматты түрде анықтайды және таңдайды.
[480i], [576i], [480p], [576p], [720p], [1080i], [1080p]	ТД ең жақсы қолдау көрсететін бейне ажыратымдылығын таңдайды. Мәліметтерді ТД нұсқаулығынан қараңыз.

Дыбысты реттеу

[Audio] бетінде келесі параметрлерді орнатуға болады:

[HDMI Audio]

Құрылғыны және ТД HDMI кабелімен қосқанда HDMI дыбыс параметрін таңдайды.

- **[On]** – ТД және динамик жүйесі арқылы дыбысты шығаруға мүмкіндік береді. Дискідегі дыбыс пішіміне қолдау көрсетілмесе, ол екі арналы дыбысқа (Linear-PCM) төмендетіледі.
- **[Off]** – ТД-дан дыбыс шығаруды өшіреді. Дыбыс тек динамик жүйесінен шығарылады.

[Audio Sync]

Бейне дискіні ойнатқанда дыбыс шығысы үшін әдепкі кідіріс уақытын орнатады.

- 1) Ойнатуды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.
- 2) Мәзірде динамик кідірісін таңдап, кідіріс уақытын реттеу үшін **◀▶** түймесін басыңыз.
- 3) Растау және шығу үшін **OK** түймесін басыңыз.

[Speaker Setup]

Қосылған динамиктер жүйесі үшін көлемді шығысты оңтайландырады.

- **[Speakers Volume]** – тамаша дыбыс балансын алу үшін әр динамиктің дыбыс деңгейін орнатады.

- ① **OK** түймесін басыңыз.
- ② **Динамикті таңдаңыз, содан кейін дыбыс деңгейін реттеу үшін ◀▶ түймесін басыңыз.**
- ③ **Растау және шығу үшін OK түймесін басыңыз.**

[Sound Mode]

Дыбыс шығысын жақсарту үшін алдын ала орнатылған дыбыс әсерін таңдайды.

- **[MAX ON], [JAZZ], [ROCK], [TECHNO], [POP]**

[Treble/Bass]

Құрылғының жоғарғы жиілік (жоғарғы дыбыс жиілігі) және төменгі жиілік (басс) параметрлерін орнатады.

[Night Mode]

DVD фильмдерін басқаларды мазаламай төмен дыбыс деңгейімен көру үшін қатты дыбыс деңгейін жұмсағырақ және жұмсақ дыбыс деңгейін қаттырақ етеді.

- **[On]** – түнде тыныш көру.
- **[Off]** – толық динамикалық ауқымы бар көлемді дыбысты тыңдау.



Ескертпе

- Бұл мүмкіндік тек Dolby Digital кодталған дискілеріне тиісті.

Артықшылықтар

[Preference] бетінде келесі параметрлерді орнатуға болады:

[Audio]

Дискіні ойнату үшін әдепкі дыбыс тілін таңдайды.

[Subtitle]

Дискіні ойнату үшін әдепкі субтитрлер тілін таңдайды.

[Disc Menu]

Диск мәзірі үшін тілді таңдайды.



Ескертпе

- Егер орнатқан тіл дискіде қол жетімді емес болса, диск өзінің әдепкі тілін пайдаланады.
- Кейбір DVD дискілері үшін субтитр/дыбыс тілін тек диск мәзірінен өзгертуге болады.
- Мәзірде берілмеген тілдерді таңдау үшін **[Others]** тармағын таңдаңыз. Содан кейін осы пайдаланушы нұсқаулығының артындағы тіл кодтары тізімін қарап, тиісті 4 цифрлық тіл кодын енгізіңіз.

[Parental Control]

Балалар үшін жарамсыз дискілерге қатынасты шектейді. Мұндай диск түрлерін дәрежелермен жазу керек.

- 1) **OK** түймесін басыңыз.
- 2) Дәреже деңгейін таңдаңыз да, **OK** түймесін басыңыз.
- 3) Сандық пернелерді басып, құпия сөзді енгізіңіз.

**Ескертпе**

- Сіз **[Parental Control]** ішінде орнатқаннан жоғары баға белгіленген дискілерді ойнату үшін құпиясөз қажет.
- Бағалар елге байланысты. Барлық дискілерді ойнатуға рұқсат ету үшін **[8 Adult]** дәрежесін таңдаңыз.
- Кейбір дискілерде дәрежелер басылған, бірақ дәрежелермен жазылмайды. Бұл функция мұндай дискілерге әсер етпейді.

[PBC]

VCD дискісін мәзір экранына сәйкес интерактивті түрде ойнатады.

- **[On]**: мәзір экраны көрсетіледі.
- **[Off]**: қалыпты ойнату жалғасады.

[Password]

Бұл параметр ата-аналық бақылау үшін, құпия сөзді өзгертуге мүмкіндік береді. Әдепкі құпия сөз — 000000.

- 1) Сандық пернелерді басып, **[Old Password]** өрісіне «000000» санын немесе соңғы орнатқан құпия сөзді енгізіңіз.
- 2) Жаңа құпия сөзді **[New Password]** өрісіне енгізіңіз.
- 3) Жаңа құпия сөзді **[Confirm PWD]** өрісіне қайтадан енгізіңіз.
- 4) Мәзірден шығу үшін **OK** түймесін басыңыз.

[DivX Subtitle]

DivX субтитрлерін қолдайтын таңбалар жиынын таңдайды.

**Ескертпе**

- Субтитр файлының атауы фильм файлының атауымен бірдей екенін тексеріңіз. Мысалы, фильмінің файл атауы «Movie.avi» болса, онда мәтіндік файлды «Movie.sub» немесе «Movie.srt» деп атау керек.

[Version Info]

Құрылғының бағдарламалық құрал нұсқасын көрсетеді.

[Default]

Құпия сөз және ата-аналық бақылау параметрлерін қоспағанда, барлық параметрлердің зауыттық әдепкі мәндерін қалпын келтіреді.

**Ескертпе**

- Құпия сөзді ұмытып қалсаңыз, жаңа құпия сөзді орнату алдында «000000» санын енгізіңіз.

9 Өнім туралы ақпарат

Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

Ерекшеліктер

Күшейткіш

Номиналды шығыс қуаты	4 X 75 Вт ОКМ
Жиілік жауабы	20 Гц-20 кГц / ± 3 дБ
Сигнал-шу арақатынасы	≥ 65 дБА
AUDIO кірісі	1 В ОКМ 22 кОм

Диск

Лазер түрі	Жартылай өткізгіш
Диск диаметрі	12 см/8 см
Бейнені кодсыздандыру	MPEG-1 / MPEG-2 / DivX
Бейне DAC	12 бит
Сигналдар жүйесі	PAL / NTSC
Бейне пішімі	4:3 / 16:9
Бейне жарықтығы C/Ш	>55 дБ
Дыбыс DAC	24 Бит / 96 кГц
Жалпы гармоникалық бұрмаланулар	$\leq 1\%$ (1 кГц)

Тюнер (FM)

Реттеу ауқымы	87,5 - 108 МГц
---------------	----------------

Реттеу торы	50 кГц
Сезімталдық - Моно, 26 дБ С/Ш қатынасы	<22 дБф
Жалпы гармоникалық бұрмаланулар	$< 3\%$
Сигнал-шу арақатынасы	> 50 дБ

Динамиктер

Үндеткіштің номиналдық қарсылығы	8 Ом
Үндеткіш драйвері	5,25 дюйм сабвуфер*2 + 2 дюйм твитер*2
Сезімталдық	84 дБ/1 М/1 Вт

Bluetooth

Bluetooth нұсқасы	V2.1 + EDR
Жиілік жолағы	2.4 ГГц~ 2.48 ГГц ISM жолағы
Ауқымы	10 м (бос орын)

Жалпы ақпарат

Айнымалы ток қуаты	110-240 В ~ 50-60 Гц
Жұмыс үшін қуат тұтынуы	60 Вт
Күту режимінде қуат тұтынуы	$< 0,5$ Вт
Композиттік бейне шығысы	1.0Vp-p, 75 Ом
USB Direct	2.0 нұсқасы
Мөлшері	
- Негізгі құрылғы (Е x Б x К)	467 X 140 X 320 мм
- Динамик (Е x Б x К)	205 X 309 X 145 мм
Салмағы	
- Негізгі құрылғы	3,1 кг
- Динамик қорабы	2 x 2,2 кг

Қолданылатын дискі пішімдері

- Сандық бейне дискілері (DVD)
- Video CD (VCD)
- Super Video CD (SVCD)
- Қайта жазылатын сандық бейне дискілер (DVD+RW)
- Ықшам дискілер (CD)
- CDR(W) пішіміндегі Сурет (Kodak, JPEG) файлдары
- CD-R(W) пішіміндегі DivX(R) дискі:
- DivX 3.11, 4.x және 5.x

Қолданылатын MP3-CD пішімдері:

- ISO 9660
- Ең жоғарғы жазба/альбом атауы: 12 таңба
- Ең жоғарғы жазба саны мен альбом: 255
- Ең жоғарғы енгізілген каталог: 8 деңгей.
- Ең жоғарғы альбом саны: 32.
- Ең жоғарғы MP3 жол саны: 999.
- MP3 дискілеріне қолданылатын үлгі жиіліктері: 32 кГц, 44.1 кГц, 48 кГц.
- MP3 дискісіне қолданылатын бит жылдамдығы: 32, 64, 96, 128, 192, 256 (кбит/с).
- Келесі пішімдерге қолдау көрсетілмейді:
 - Мына сияқты файлдар: *.VMA, *.AAC, *.DLF, *.M3U,
 - *.PLS, *.WAV
 - Ағылшынша емес альбом/жазба атауы
 - Joliet пішімінде жазылған дискілер
 - MP3 Pro

- жад карталары (осы құрылғымен жұмыс істеу үшін қосымша карта оқу құралы қажет)

Қолданылатын пішімдер:

- USB немесе жад файлы пішімі: FAT16, FAT32 (сектор өлшемі: 512 байт)
- MP3 арналған бит жылдамдығы (деректерді жеткізу жылдамдығы): 32-320 кбит/с және өзгертпелі бит жылдамдығы
- 8 деңгейге дейін енгізулері бар каталогтар
- Альбомдар/ қалталар саны: ең көбі 99
- Жолдар/жазылымдар саны: ең көбі 999
- ID3 тәгі, 2.0 нұсқасы немесе одан кейінгі
- Unicode UTF8 пішіміндегі файл атауы (ең үлкен ұзындығы: 128 байт)

Қолданылмайтын пішімдер:

- Бос альбомдар: бос альбом — құрамында MP3/WMA файлдары жоқ және дисплейде көрсетілмейтін альбом.
- Қолданылмаған файл пішімдері өткізіліп жіберіледі. Мысалы, Word құжаттары (.doc) немесе .dlf кеңейтімді MP3 файлдары еленбейді және ойнатылмайды.
- AAC, WAV, PCM дыбыстық файлдары
- WMA файлдары

USB құрылғысының ойнатылатыны туралы мәліметтер

Үйлесімді USB жад құрылғылары:

- USB флеш жады (USB 2.0 немесе USB1.1)
- USB флеш ойнатқыштары (USB 2.0 немесе USB1.1)

10 Ақаулықтарды жою



Ескерту

- Бұл құрылғының сыртқы қорабын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасаманыз. Бұл құрылғыны пайдалану кезінде проблемалар орын алса, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, <brand> веб-торабына (www.<brand>.com/support) өтіңіз. <brand> компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында екеніне және модель нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұрғанына көз жеткізіңіз.

Қуат жоқ

- Құрылғының қуат сымының дұрыс қосылғанына көз жеткізіңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.
- Егер **[Auto Standby]** қосылған болса, жүйе 15 минут әрекетсіздіктен (мысалы, кідірту немесе тоқтату режимінде) кейін автоматты түрде өшеді.

Диск таңдалмаған

- Дискіні салыңыз.
- Дискінің төмен қарап салынғанын тексеріңіз.
- Линзадағы ылғал конденсациясы тазаланғанша күтіңіз.
- Дискіні ауыстырыңыз немесе тазалаңыз.
- Пішімделген ықшам дискіні немесе дұрыс пішімдегі дискіні пайдаланыңыз.

Сурет жоқ

- Бейне қосылымын тексеріңіз.
- ТД дұрыс бейне кірісі арнасына қосыңыз.

Қара және ақ немесе бұрмаланған сурет

- Диск ТД түс жүйесінің стандартына (PAL/NTSC) сәйкес емес.

- Кейде аз сурет бұрмалануы пайда болуы мүмкін. Бұл ақаулық емес.
- Дискіні тазартыңыз.
- Бұрмаланған сурет прогрессивті жайманы реттеу кезінде пайда болуы мүмкін.

ТД экранының кадр пішімін тіпті ТД дисплей пішімін орнатқан болсаңыз да өзгерту мүмкін емес.

- Кадр пішімі жүктелген DVD дискісінде бекітілген.
- Кейбір ТД жүйелері үшін кадр пішімін өзгерту мүмкін емес.

Дыбыс жоқ немесе нашар

- Дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Құрылғы дыбысының өшірілген-өшірілмегенін тексеріңіз.
- Динамиктер дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- Ашық динамик сымдарының қысылып қалған-қалмағанын тексеріңіз.

Қашықтан басқару құралы жұмыс істемейді

- Қандай да бір функция түймесін баспастан бұрын, алдымен негізгі құрылғының орнына қашықтан басқару құралымен дұрыс көзді таңдаңыз.
- Қашықтан басқару құралы мен құрылғы арасын жақындатыңыз.
- Батареяны көрсетілгендей қарсылықпен (+/- белгілері) туралап салыңыз.
- Батареяны ауыстырыңыз.
- Қашықтан басқару құралын құрылғының алдындағы сенсорға бағыттаңыз.

Диск ойнатылмайды

- Оқылатын дискіні белгі жағын жоғары қаратып салыңыз.
- Диск түрін, түс жүйесін және аймақтық кодты тексеріңіз. Дискіде қандай да сызықтардың немесе дақтардың бар-жоғын тексеріңіз.
- Ата-аналық бақылау құпия сөзін өшіріңіз немесе дәреже деңгейін өзгертіңіз.
- Құрылғы ішінде ылғал конденсацияланған. Дискіні шығарыңыз және құрылғыны шамамен бір сағатқа қосулы қалдырыңыз.

АТ қуат ашасын ажыратып, қайта қосыңыз, содан кейін құрылғыны қайтадан қосыңыз.

DivX бейне файлдарын ойнату мүмкін емес.

- DivX бейне файлы толық екенін тексеріңіз.
- Файл кеңейтімі дұрыс екенін тексеріңіз.
- Сандық құқықтар мәселелеріне байланысты DRM қорғалған бейне файлдарын сандық бейне қосылымы арқылы ойнату мүмкін емес (мысалы, композиттік және компоненттік қосылым арқылы). Бейне мазмұнды диск құралына тасымалдаңыз және осы файлдарды ойнатыңыз.

Нашар радио сигналын қабылдау

- Құрылғы мен теледидар немесе бейнемагнитофон арасындағы қашықтықты көбейтіңіз.
- FM антеннасын толығымен ұзартыңыз.
- Оның орнына сыртқы FM антеннасын жалғаңыз.

Дыбыс немесе субтитр тілдерін орнату мүмкін емес

- Диск бірнеше тілдегі дыбыспен немесе субтитрлермен жазылмаған.
- Дискіде дыбыс немесе субтитр тіліне тыйым салынған.

USB құрылғысындағы кейбір файлдарды көрсету мүмкін емес

- USB құрылғысындағы қалталардың немесе файлдардың саны белгілі бір шектен асқан. Бұл ақаулық емес.
- Бұл файлдардың пішімдеріне қолдау көрсетілмейді.

USB құрылғысына қолдау көрсетілмейді

- USB құрылғысы осы құрылғымен үйлесімді емес. Басқасын қолданып көріңіз.

Bluetooth байланысы тіпті сәтті орнағаннан кейін де жүйеде музыка ойнату мүмкін емес.

- Құрылғыны құрылғымен музыка ойнату үшін қолдануға болмайды.

Bluetooth функциясы қосылған құрылғымен байланыс орнағаннан кейін дыбыс сапасы нашар.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны құрылғыға жақындатыңыз немесе құрылғылар арасындағы қандай да бір кедергіні алып тастаңыз.

Құрылғыға қосылу мүмкін емес.

- Құрылғыға қажетті профильдерді құрылғы қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясы қосылмаған. Функцияны қосу жолдарын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан қараңыз.
- Құрылғы жұптастыру режимінде емес.
- Құрылғы басқа Bluetooth қосылған құрылғымен қосылып қойылған. Сол құрылғыны немесе барлық басқа жалғанған құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

Жұптастырылған ұялы телефон үнемі қосылып ажырайды.

- Bluetooth қабылдауы нашар. Ұялы телефонды құрылғыға жақындатыңыз немесе ұялы телефон мен құрылғы арасындағы кедергіні алып тастаңыз.
- Қоңырау шалғанда немесе аяқтағанда, кейбір ұялы телефондар үнемі қосылып ажырауы мүмкін. Ол құрылғының бұзылғанын білдірмейді.
- Кейбір ұялы телефондарда Bluetooth байланысы қуат үнемдеу мүмкіндігі ретінде автоматты түрде өшірілуі мүмкін. Ол құрылғының бұзылғанын білдірмейді.



2014 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.
This product was brought to the market by WOOX Innovations Limited or one of its affiliates, further referred to in this document as WOOX Innovations, and is the manufacturer of the product. WOOX Innovations is the warrantor in relation to the product with which this booklet was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

